

1. "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджеттік кірістердің сыныптамасында:

1 "Салық түсімдері" санатында:

05 "Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар" сыныбында:

1 "Қосылған құнға салынатын салық" ішкі сыныбы мынадай мазмұндағы 06 және 07-ерекшеліктермен толықтырылсын:

"06 Ресей Федерациясының аумағынан шығарылатын және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген қосылған құн салығы

07 Ресей Федерациясының аумағынан шығарылатын және импортталатын тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген қосылған құн салығы";

2 "Акциздер" ішкі сыныбы мынадай мазмұндағы 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84 85, 86, 87-ерекшеліктермен толықтырылсын:

"70 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын спирттің барлық түрлерінің кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

71 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын арақтың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

72 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын ликер-арак бұйымдарының, күшейтілген шырындардың және этил спиртінің көлемді үлесі 12-ден 30 пайызға дейін және одан жоғары күшейтілген сусындардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

73 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын шараптардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

74 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын коньяктардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

75 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын шампан шараптарының кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

76 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын сыраның кедендік

құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

77 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын этил спиртінің көлемді үлесі 1,5-тен 12 пайызға дейін алкоғолі аз күшейтілген сусындардың, күшейтілген шырындардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

78 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын бекіре және албырт балықтар уылдырығының кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

79 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын темекі бұйымдарының кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

80 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын құрамында темекі бар басқа да бұйымдардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

81 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын жеңіл автомобильдердің (мүгедектерге арнайы арналған қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа) кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

82 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

83 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын шарап материалдарының кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

84 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын дизель отынының кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

85 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын бензиннің (авиациялықты қоспағанда) кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

86 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын отпен және газбен атылатын қарудың (мемлекеттік үкімет органдарының мұқтажы үшін алынатындарынан басқа) кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер

87 Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнайдың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген акциздер";

06 "Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар" с ы н ы б ы н д а :

1 "Кеден төлемдері" ішкі сыныбы мынадай мазмұндағы 03-ерекшелікпен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"03 Әкелінетін тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген кедендік төлемдер";

2 "Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар" ішкі сыныбы мынадай мазмұндағы 03 және 04-ерекшеліктермен толықтырылсын:

"03 Әкелінетін тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген кедендік бақылауды және кедендік рәсімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер

04 Әкелінетін тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген отандық тауар өндірушілерді қорғау шаралары ретінде салынатын баждар".

2. Заң қызметі департаменті (Н.Қалиева) және Мемлекеттік бюджет департаменті (Б.Сұлтанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
міндетін атқарушы